

**Амангелді ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2018 жылы әлеуметтік қолдау шараларын көрсету туралы**

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2018 жылғы 14 ақпандағы № 190 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 7 наурызда № 7587 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабына сәйкес Амангелді аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Амангелді ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2018 жылы көтерме жәрдемақы және тұрғын үй алу немесе салу үшін әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кезектен тыс сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Н. Әбдіғали*

*Қ. Кеделбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

"Амангелді ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
басшысы

М. Сакетов

2018 жылғы "14" ақпан